

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ОБРАЗОВАНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**




**АКАДЕМИЯ КАЙНАР**

**МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ,  
ПОСВЯЩЕННОЙ 30-ЛЕТИЮ  
НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
И 30-ЛЕТИЮ АКАДЕМИИ «КАЙНАР»**

**ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ЭКОНОМИКИ,  
ТЕХНОЛОГИЙ И ОБРАЗОВАНИЯ**

(16 апреля 2021 года)



Алматы, 2021



## Приветственное слово участникам конференции

Здравствуйте уважаемые участники! Приветствую Вас на нашей международной научно-практической конференции «Перспективы развития экономики, технологий и образования», посвященной 30-летию независимости Республики Казахстан и 30-летию академии «Кайнар», благодарю за проявленное внимание и участие.

Современное состояние экономики Казахстана, на которое влияют как мировой кризис, так и внутренние факторы, актуализирует необходимость переосмысления стратегии экономического развития. Экономические проблемы Казахстана обусловлены тяжелыми временами, переживаемыми мировой экономикой из-за COVID-19, вступившей в турбулентный период своего развития в условиях пандемии.

Пандемия однозначно изменила мир и в целом экономику всех стран. Кто-то выйдет из кризиса с меньшими потерями, а кто-то - с большими. Но однозначно пройдет полное переосмысление рынка труда, условий работы, механизмов инвестирования.

Мир переходит в полную цифровизацию жизни, производства, экономики, здравоохранения и в особенности финансовую сферы. Все больше развиваются дистанционное образование, онлайн конференции, работа на дому через сеть интернет. Сфера общественного питания освоила сервис доставки питания на дом.

Считаю, что главная цель проведения конференции заключается в обмене передовым опытом и знаниями в сфере экономики, технологий и образования. Надеюсь, что полученные результаты будут полезны всем участникам и, в первую очередь, экономической науке современного Казахстана, а предложенные рекомендации действительно найдут свое применение в практической деятельности.

На конференции будут рассмотрены:

- проблемы развития инновационной экономики;
- теория и практика трансформации экономики;
- инновации и инвестиции в науку и образование;
- актуальные направления развития банковского и страхового дела;
- применение современных информационных технологий в научно-практической экономической деятельности;
- управленческий и бухгалтерский учет, анализ и аудит;
- проблемы и перспективы дистанционных образовательных технологий и др.

Желаю Вам крепкого здоровья, успехов в научно – исследовательской работе и практической деятельности. Всего Вам самого наилучшего!

Президент-Ректор Академии Кайнар  
Вице-президент КазНАЕН, профессор



Омаров Е.С.



## СОДЕРЖАНИЕ

|                                                                                                                                                                  |    |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| Сапарбаев Ә.Ж.<br>ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКА – ЕЛІМІЗДІҢ ДАМУЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТЫ.....                                                                           | 7  |
| Челекбай А.Д.<br>ИНФЛЯЦИОННОЕ ТАРГЕТИРОВАНИЕ И ТРАНСМИССИОННЫЙ МЕХАНИЗМ ДЕНЕЖНО-КРЕДИТНОЙ ПОЛИТИКИ ЦЕНТРАЛЬНОГО (НАЦИОНАЛЬНОГО БАНКА) .....                      | 14 |
| Yilmaz Ulvi Uzun<br>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ШЕТЕЛ ИНВЕСТИЦИЯЛАРЫН ТАРТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ .....                                                   | 24 |
| Сапарбаев Ә.Ж., Мақұлова А.Т.<br>КӘСІПОРЫННЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ СТРАТЕГИЯСЫ.....                                                                   | 31 |
| Елеусов А.А.<br>НЕКОТОРЫЕ ОСОБЕННОСТИ УПРАВЛЕНИЯ ФИНАНСОВЫМИ РЕСУРСАМИ .....                                                                                     | 36 |
| Мақұлова А.Т., Мақұлова Л.Т.<br>ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП СТУДЕНТТІҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУ .....                                                         | 44 |
| Saha Subashish., Gabdullina N.N.<br>HOTELS AND THEIR ROLE IN THE DEVELOPMENT OF TOURISM.....                                                                     | 50 |
| Дарискалиева М.С., Альдешова С.Б., Адиетова Э.М.<br>ЖАҒАҢДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ..... | 55 |
| Елеусов А.А., Иматаева А.Е.<br>НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ УПРАВЛЕНИЯ ФИНАНСОВОЙ УСТОЙЧИВОСТИ КОМПАНИИ.....                                                                | 63 |
| Асылханова Г.Ж.<br>ДУХОВНАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ И СФЕРА СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНОГО ОБРАЗОВАНИЯ СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСТАНА.....                                                | 69 |
| Ержанова С.К., Ескерова З.А.<br>ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС СУБЪЕКТІЛЕРІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУДЫҢ ӘЛЕМДІК ПРАКТИКАСЫ.....                                               | 74 |
| Альдешова С.Б., Сисенгалиева Ш.Б., Дарискалиева М.С.<br>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....                  | 79 |
| Канавец С. А., Беспалый С.В.<br>ВЛИЯНИЕ ПРОЦЕССОВ ЦИФРОВИЗАЦИИ НА БАНКОВСКУЮ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ .....                                                                  | 85 |
| Мусаева А.А., Хамидуллина Ж.Б.<br>ИСПОЛЬЗОВАНИЕ В ПРЕПОДАВАНИИ БУХГАЛТЕРСКОГО УЧЕТА ПРИЕМОВ МНЕМОНИКИ .....                                                      | 89 |
| Дарискалиева М.С., Альдешова С.Б.<br>ПАНДЕМИЯ ЖАҒДАЙЛАРЫНДА ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫН ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ .....                                     | 97 |



Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 30-летию независимости Республики Казахстан и 30-летию академии «Кайнар» «Перспективы развития экономики, технологий и образования

|                                                                                                                                                                         |     |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| Командик Т.Д., Сексенов В. А., Нургалиева Д.А.<br>ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ ФИЗКУЛЬТУРНО-<br>ПЕДАГОГИЧЕСКИХ НАВЫКОВ У СТУДЕНТОВ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ВУЗА ..... | 103 |
| Калиакпарова Г.Ш., Муханов А.Е.<br>ФОРМИРОВАНИЕ ДЕПОЗИТНОЙ ПОЛИТИКИ КОММЕРЧЕСКОГО БАНКА .....                                                                           | 110 |
| Лапбаева С.Ш.<br>ОСОБЕННОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ ПЕРВИЧНОГО УЧЕТА В СЕЛЬСКОМ ХОЗЯЙСТВЕ .....                                                                                    | 118 |
| Карибжанов О.М.<br>РАЗРАБОТКА ИНСТРУМЕНТАРИЯ РАЗВИТИЯ УЧЕТНОЙ СИСТЕМЫ НА БАЗЕ<br>ИННОВАЦИОННОЙ RFID-СИСТЕМЫ: EXPO 21 .....                                              | 128 |
| Габдуллин Н.И.<br>ТІРКЕЛГЕН ШЕГЕРІМ ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН АРНАУЛЫ САЛЫҚ РЕЖІМІН ҚАМТИТЫН<br>АРНАУЛЫ САЛЫҚ РЕЖІМІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....                                         | 132 |
| Еслямова А.Е, Агумбаева А.Е<br>РОЛЬ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОТРАСЛИ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА .....                                                                             | 141 |
| Сыздыкова К.Ш., Акимбаева К.Т., Касенова А.М.<br>РОЛЬ РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО КАПИТАЛА В ЭКОНОМИКЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН<br>.....                                         | 145 |
| Габдуллин Н.И.<br>УЧЕТ В ГОСТИНИЧНОМ БИЗНЕСЕ .....                                                                                                                      | 152 |
| Асанова С.С., Касенова А.М.<br>ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ ФИНАНСОВЫХ РЕСУРСОВ КОММЕРЧЕСКОГО БАНКА И<br>ПУТИ ИХ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ.....                                        | 157 |
| Ахметова Г.Т., Курмангазиева Я., Альдешова С.Б.<br>СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ УЧЕТА И АНАЛИЗА ОСНОВНЫХ СРЕДСТВ НА ПРЕДПРИЯТИИ..                                                  | 164 |
| Калманова Н.М., Асанова С.С.<br>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КЛИМАТ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ<br>МЕН ЖАҚСARTУ ЖОЛДАРЫ.....                                          | 170 |
| Бокижанова Ф.И.<br>РОЛЬ МАРКЕТИНГА В РАЗВИТИИ ИННОВАЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МАЛЫХ И<br>СРЕДНИХ ПРЕДПРИЯТИЙ.....                                                            | 176 |
| Ерназарова У.С.<br>ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ РЫНКА ФРАНЧАЙЗИНГА В СФЕРЕ МАЛОГО БИЗНЕСА<br>РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....                                                             | 182 |
| Елдар Жуман<br>СТРУКТУРА ОЦЕНКИ RADAR И ЕЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПРИ РАБОТЕ С МОДЕЛЬЮ<br>ПРЕВОСХОДСТВА EFQM .....                                                               | 189 |
| Нисимбаев Н.О.<br>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖАЛПЫ ҚОЛДАНЫЛАТЫН БУХГАЛТЕРЛІК<br>БАҒДАРЛАМАЛАР (ПРОГРАМАЛАР).....                                                         | 195 |
| Gabdullina N.N.<br>THE ADVANTAGES AND DISADVANTAGES OF CONTEXT-BASED EDUCATION.....                                                                                     | 200 |



Kazizov A.B.

|                                                             |     |
|-------------------------------------------------------------|-----|
| SCIENTIFIC ARTICLE AS THE CORE OF SCIENTIFIC DISCOURSE..... | 205 |
|-------------------------------------------------------------|-----|

Мамышев А.Ж.

|                                                                                                                                    |     |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОРГАНОВ ВНЕШНЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА В ЦЕЛЯХ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ИХ ВЛИЯНИЯ НА ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ ..... | 211 |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|

Бергенов Б.Б.

|                                                           |     |
|-----------------------------------------------------------|-----|
| АНАЛИЗ ИННОВАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ ЭКОНОМИКИ КАЗАХСТАНА ..... | 220 |
|-----------------------------------------------------------|-----|

Абдибеков С.У., Маханбеткулов Ж.Н.

|                                                         |     |
|---------------------------------------------------------|-----|
| ЖАҢА БАНКТІК ӨНІМДЕРДІ ЕНГІЗУДІҢ ШЕТЕЛ ТӘЖІРИБЕСІ ..... | 226 |
|---------------------------------------------------------|-----|

Дарибеков С.С., Манасбаева А.К.

|                                                      |     |
|------------------------------------------------------|-----|
| ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ..... | 232 |
|------------------------------------------------------|-----|

Смагулов С.Б.

|                                                    |     |
|----------------------------------------------------|-----|
| ЗЕЛЁНАЯ ЭКОНОМИКА. ЧАСТЬ БУДУЩЕГО КАЗАХСТАНА ..... | 238 |
|----------------------------------------------------|-----|

Ералиева Е.

|                                              |     |
|----------------------------------------------|-----|
| ЭКОНОМИЧЕСКАЯ И ФРАСТРУКТУРА КАЗАХСТАНА..... | 244 |
|----------------------------------------------|-----|

Куатбаева А.А., Нурлан Д.Р., Салим Т.Т.

|                                                                               |     |
|-------------------------------------------------------------------------------|-----|
| ПОСТРОЕНИЕ МОДЕЛИ ОБРАБОТКИ BIG DATA В SMART HEALTH НА ПЛАТФОРМЕ SAS UE ..... | 251 |
|-------------------------------------------------------------------------------|-----|

Сұлтанова А.С.

|                                                                                                                   |     |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| ПРОДОВОЛЬСТВЕННАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ КАК ЭКОНОМИЧЕСКАЯ КАТЕГОРИЯ И ЕЁ РОЛЬ В ОБЕСПЕЧЕНИИ НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ..... | 259 |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|

Izteleuov N.E., Abdyzhalilova R., Kabdoldin A.

|                                      |     |
|--------------------------------------|-----|
| ECG SIGNALS ANALYSIS ALGORITHMS..... | 264 |
|--------------------------------------|-----|

Izteleuov N.E., Abdyzhalilova R., Kabdoldin A.

|                                     |     |
|-------------------------------------|-----|
| ECG SIGNALS ANALYSIS WITH SAS ..... | 271 |
|-------------------------------------|-----|

Атаханова А.Ж.

|                                                                                |     |
|--------------------------------------------------------------------------------|-----|
| ВИДЫ ТРАНСПОРТА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН И ИХ РОЛЬ В ЭКОНОМИКЕ ГОСУДАРСТВА ..... | 278 |
|--------------------------------------------------------------------------------|-----|

Адай З. А., Молдагулова А.Н

|                                                                                     |     |
|-------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| КОНЦЕПЦИЯ И АНАЛИЗ ЭЛЕКТРОННОГО ПРАВИТЕЛЬСТВА ДЛЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ ..... | 286 |
|-------------------------------------------------------------------------------------|-----|

Абдибеков С.У., Кенесарина А.К.

|                                                                                |     |
|--------------------------------------------------------------------------------|-----|
| ӘЛЕМДІК ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНДАҒЫ САҚТАНДЫРУ ЖӘНЕ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНЫҢ ОРНЫ ..... | 293 |
|--------------------------------------------------------------------------------|-----|

Патрушев А.А., Беспалый С.В.

|                                                                                         |     |
|-----------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| БАРЬЕРЫ И ОСОБЕННОСТИ ВЕДЕНИЯ СТАРТАП-ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В УНИВЕРСИТЕТСКОЙ СРЕДЕ ..... | 301 |
|-----------------------------------------------------------------------------------------|-----|

Сыздыкова К.Ш., Злавдинов Э. Р.

|                                                                                  |     |
|----------------------------------------------------------------------------------|-----|
| ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ И ПРАКТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ МАЛОГО И СРЕДНЕГО БИЗНЕСА В КАЗАХСТАНЕ..... | 306 |
|----------------------------------------------------------------------------------|-----|

Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 30-летию независимости Республики Казахстан и 30-летию академии «Кайнар» «Перспективы развития экономики, технологий и образования

Шуленбаева Ф.А., Сыздыков Р.Е.

ОБВОДНЕНИЕ ПАСТБИЩ – ОСНОВНОЙ ФАКТОР ПОВЫШЕНИЯ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ  
ЭФФЕКТИВНОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ МЯСНОГО СКОТОВОДСТВА ..... 312

Алиайдар Н.С., Сатыбалдиева Р.Ж.

АНАЛИЗ УБЫТОЧНОСТИ СТРАХОВОГО ПОРТФЕЛЯ С ПРИМЕНЕНИЕМ DATA MINING ..... 317

Жунусов Б.А., Жұбаназаров С.А.

«АҚЫЛДЫ ҚАЛА» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ..... 326

Ахметова Б.К.Алпысбаев К.С.

ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ҚАЗІРГІ ҚАРЖЫЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ..... 338



ӘОЖ 33.334.7

Сапарбаев Ә.Ж. – Қайнар академиясының ғылыми  
жұмыстары бойынша проректоры,  
ҚР ҰҒА Құрметті академигі,  
э.ғ.д., профессор

## ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКА – ЕЛІМІЗДІҢ ДАМУЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТЫ

**Андатпа.** Мақалада инновациялық экономика – еліміздің дамуының бағыты екендігі қарастырылады. Нарықтың үдемелі және өзгермелі сұранысын тез қанағаттандыру инновациялық әдістерді пайдаланумен ғана жүзеге асатыны белгілі. Сондықтан да, ұлттық экономиканың жедел және тұрақты дамуы еліміздегі инновациялық орта мен инновациялық инфрақұрылымның нәтижелі жұмыс істеуіне тікелей тәуелді деуге толық негіз бар.

**Abstract.** The article considers that the innovative economy is the direction of development of the country. It is known that rapid satisfaction of progressive and changing market demand is possible only through the use of innovative methods. Therefore, there is every reason to believe that the rapid and sustainable development of the national economy depends on the effective functioning of the innovation environment and innovation infrastructure in the country.

**Аннотация.** В статье рассматривается инновационная экономика как направление развития страны. Известно, что быстрое удовлетворение прогрессирующего и меняющегося рыночного спроса возможно только за счет использования инновационных методов. Поэтому есть все основания полагать, что быстрое и устойчивое развитие национальной экономики зависит от эффективного функционирования инновационной среды и инновационной инфраструктуры в стране.

**Түйінді сөздер:** экономика, инновация, стратегия, аймақ, инфрақұрылым, инвестиция, ақпарат.

**Keywords:** economy, innovation, strategy, region, infrastructure, investment, information.

**Ключевые слова:** экономика, инновации, стратегия, регион, инфраструктура, инвестиции, информация.

Бәсекелік ортада ұлттық экономиканың қуатты болуын қамтамасыз ету еліміздің негізгі ұстанымдарының біріне жатады. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өз баяндамаларында осы қағиданы әрдайым бірінші міндет ретінде атап көрсетуде. Яғни, нарықтың үдемелі және өзгермелі сұранысын тез қанағаттандыру инновациялық әдістерді пайдаланумен ғана жүзеге асатыны белгілі. Сондықтан да, ұлттық экономиканың жедел және тұрақты дамуы

еліміздегі инновациялық орта мен инновациялық инфрақұрылымның нәтижелі жұмыс істеуіне тікелей тәуелді деуге толық негіз бар. Осыған орай, Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының 2015-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы әзірленген болатын.

Инновациялық инфрақұрылымды дамыту бағытында инновациялық әлеуеті мен өзіндік даму үлгісі қалыптасқан елдердің қолдануға тиімді тәжірибелері мен озық үлгілерін, олардың ғылыми сыйымды әрі жоғары технологиялы инновациялық өнімдерді шығарудағы жетістіктерін пайымдай отырып, еліміздің ұлттық инновациялық инфрақұрылымын дамытудың экономикалық механизміндегі негізгі тетіктер ретінде жағымды экономикалық ортаны қалыптастыру, инфрақұрылым шеңберіндегі элементтердің белсенділігін арттыру, оларды мемлекеттің қоғамдық, өндірістік, әлеуметтік, ғылыми және басқа да істеріне тығыз араластыру, бір-бірімен өзара үйлесімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ ғылыми-техникалық әлеуеттің мүмкіндіктерін пайдалану және оларды елдің барлық салаларында сынауға және қолданысқа енгізуге мүмкіндік жасау қажеттілігі туындайды.

Экономиканың үнемі қарқынды дамуын қамтамасыз етуде өндірістің техникалық және технологиялық базасының ұдайы жаңаруын, жаңа бәсекеге қабілетті өнімдерді игеріп, оларды шығаруды, әлемдік тауарлар мен қызметтер рыноктарына тиімді кіруді қамтамасыз етуге қабілетті инновацияларды дамытудың маңызының артып отырғаны мәлім.

Әрбір әлеуметтік-экономикалық революцияның негізі айрықша технологиялардан, өндірістік-технологиялық жүйелер мен өндірістік қатынастардан қаланады. Постиндустриялық қоғамда осы рөлді ең алдымен жаңа физикалық-техникалық және химия-биологиялық қағидалардың нәтижелері болып табылатын ақпараттық технологиялар мен компьютерлендірілген жүйелер мен оларға негізделген адам қызметінің әр түрлі салаларының инновациялық технологиялары, инновациялық жүйелері мен инновациялық ұйымдар атқарады. Біздің ойымызша, осының нәтижесінде экономиканы ұйымдастырудың жаңа нысаны – инновациялық экономика құрылады. Біздің зерттеулеріміздің нәтижелері, отандық және шетел ғалымдарының осы проблеманы зерттеулерін талдау инновациялық экономика құру – еліміздің дамуының стратегиялық бағыты екеніне көз жеткізді.

Инновация, инновациялық қызмет, инновациялық инфрақұрылым инновациялық экономиканың негізгі түсінігі болып табылады. Бұл түсініктер нені білдіреді, олардың мазмұны мен көлемі қандай? Бұл түсініктермен қысқаша танысамыз, себебі елдегі тиімді инновациялық экономиканың қалыптасу әдісі мен стратегиясы көбіне оларды дұрыс түсінуге байланысты болады.

Инновациялар, инновациялық қызмет, инновациялық үдерістер – бұл қазіргі кезде сан түрлі және кең түсіндірілетін түсініктер. Бұл түсініктердің дамуы мен жаңа идеялар мен өнертабыстар, жаңа ғылыми жетістіктер, жаңа білімдер мен технологиялар, іргелі және іздену ғылыми-зерттеу жұмыстарының жаңа нәтижелері мен т.б. сияқты жаңалыққа жататын барлық жаңа үдерістерге таралуы

инновациялық және жаңа деген екі түсініктің тұрмыстық көрінісі мен араласуынан пайда болады. Инновациялық қызметті жаңа қызмет ретінде кеңінен түсіндіру ғылыми-техникалық прогресс деп түсінілетіндердің барлығын қамтып әрі ғылыми және инновациялық басымдықтарды араластырып, ғылыми немесе инновациялық дамуды қамтамасыз ететін инфрақұрылымдарға қойылатын талаптардың бірдейлігі туралы жалған түсініктерді туындатады. Ғылыми-техникалық прогрестің келесідей түсінілуіне байланысты аталмыш тезисті негіздейміз: ғылыми-техникалық прогресті мақсатқа сәйкес шартты түрде екі негізгі өзара байланысты және бірін-бірі толықтыратын құрамдастарға – ғылыми-техникалық жетістіктердің құрамдасы мен өндірістік-техникалық жетістіктердің құрамдасына бөлеміз.

Жоғарыда айтылғандай бірінші жағдайда, ғылыми жетістіктер – жаңа білімдер, жаңа ғылыми-техникалық идеялар, ашылымдар мен өнертабыстар, жаңа физикалық-химиялық-биологиялық принциптерге негізделген жаңа технологиялар ғылыми-техникалық прогрестің нәтижелері болып табылады. Екінші жағдайда, өндірістік-техникалық жетістіктер – инновациялар ғылыми-техникалық прогрестің нәтижелері болып табылады. Инновацияларды жасау келесілерді болжайды:

- мақсатқа лайық кәсіби даму және ғылыми-техникалық жетістіктердің нәтижелерін жаңа технологиялар, жаңа жүйелер, машиналар, құрал-жабдықтар, өндірісті және т.б. ұйымдастыру мен жоспарлаудың жаңа әдістерін жасауға дейін жеткізу;

- өндірістік-техникалық жетістіктердің жасалған нәтижелерін тұтынушылар немесе рынок, не болмаса «тапсырыс-орындау» механизмі арқылы тәжірибе жүзінде жүзеге асыру;

- жасалған инновациялық өнімді тиімді пайдалануды қамтамасыз ету.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, біз инновациялық қызмет деп қоғамдық тәжірибеде қолда бар барлық үдемелі технологияларды, жүйелерді, машиналар мен құрал-жабдықтарды отандық және әлемдік ғылым мен техниканың ғылыми-техникалық жетістіктеріне енгізу және пайдалану негізінде қолдана отырып, «дайын» өндірістік-техникалық жетістіктерді – инновацияларды жүзеге асыруға бағытталған адамдар ұжымының қызметін түсіну керектігін қорытындылаймыз. Ол алынған және тексерілген ғылыми-техникалық жетістіктердің қолда бар көлемі мен жетістіктері арасындағы қабыспайтын алшақтықтың алдын алуды және олардың дамып келе жатқан (құрылып жатқан) кәсіпорындарда қолданылуын қамтамасыз етуі тиіс.

Инновациялық белсенділіктің молықтырылуы – тиімді инновациялық экономиканың қалыптасуының маңызды шарты екенін осыдан білуге болады.

Инновациялық қызметтің тиімділігі көбіне инновациялық инфрақұрылыммен анақталады. Сондықтан инновациялық инфрақұрылым инновациялық экономиканың, қоғамдағы инновациялық әлеуеттің негізгі құрамдасы болып табылады. Инновациялық инфрақұрылым дегеніміз не? Неге ол инновациялық экономиканың іргетасы, негізгі құрамдасы болып табылады?



Инновациялық инфрақұрылым инновациялық экономиканың негізгі нұсқаулығы және механизмі болып табылады. Инновациялық инфрақұрылым ел экономикасының даму қарқынын (жылдамдығын) және оның тұрғындарының әлауқатының өскенін алдын ала анықтайды. Әлемнің дамыған елдерінің тәжірибесі әлемдік рыноктағы ғаламдық бәсеке жағдайында инновацияларды жасайтын және жүзеге асыратын дамыған инфрақұрылымы, инновациялық қызметтің біршама тиімді механизмі бар ел экономикасының ұтатындығын көрсетті. Сондықтан елдің инновациялық экономикасы тиімді жұмыс жасау үшін инновациялық инфрақұрылым функционалды толық болуы тиіс.

Ал бұл нені білдіреді? Бұл өңір және тұтас ел аумағында инновацияларды жасау және жүзеге асыру жөніндегі инжинирингтік технологияларды толық іске асыруға мүмкіндік беретін ерекшеліктердің жиынтығын иелену дегенді білдіреді. Біздің сеніміміз бойынша, аталған жиынтық келесі ерекшеліктердің жиынтығын қамтуы тиіс:

- инновациялық қызметтің «дайын» объектілерін тапсыруды қамтитын толық инновациялық циклдің міндеттерін сол орнында шеше алатын инновациялық-технологиялық орталықтар немесе инжинирингтік фирмалар түрінде барлық өңірлерге таралуын;

- экономиканың өндірістік немесе қызмет көрсететін секторларының кез келген саласындағы «дайын» инновациялық жобаны жүзеге асыруды бәсекеге қабілетті түрде қамтамасыз ете алатын әмбебаптықты;

- тапсырыс берушіге немесе тұтынушыға адал және сапалы қызмет көрсетуге негізделген кәсібилікті;

- соңғы нәтижеге бағдарлануды қамтамасыз ететін конструктивтілікті. Инновациялық жобаның дамуы соңғы нәтижелерді үздіксіз талдаумен қатар жүруі тиіс. Қол жеткізілген соңғы нәтижелер бойынша сенімді ақпараттардың болуы инновациялық қызметтің даму үдерісінде тікелей конструкциялық басымдықтарды дайындап, инновациялар – инвестициялар – соңғы нәтижелердің мониторингі – инвестициялар және т.б. схемасы бойынша инновацияларды басқарудың тұйық жүйесін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді;

- ғылыми-техникалық әлеуеттің жоғары деңгейін;

- кадрлармен бірінші кезекте, инновациялық жобалардың жетекшілерімен және инновациялық инфрақұрылымның персоналын үнемі жаңарту және жетілдіру мүмкіндігін қамтамасыз етуді;

- қаржымен қамтамасыз етілу (айналым капиталының болуы);

- соңғы нәтижені алуды жылдамдататын нұсқаулық әдістердің жоғары деңгейін;

- инновациялық инфрақұрылымдардың рынок пен ішкі жағдаят талаптарының өзгеруіне бейімделуін қамтамасыз ететін икемділікті.

Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері, сондай-ақ әлемнің дамыған елдерінің тәжірибелері көрсеткендей, инновациялық инжинирингтік орталықтардың (фирмалар, кәсіпорындар) инфрақұрылымы инновациялық инфрақұрылымның басты негізі, ғылыми-техникалық жаңа енгізілімдерді –

инновацияларды жүзеге асырудың біршама барабар механизмі болып табылады. Инновациялық инжинирингтік орталықтардың инфрақұрылымы ең үздік отандық және шетелдік білімдер мен технологияларды шоғырландырып, тапсырыс берушіге инновациялық жобаны табысты жүзеге асырудың кепілі және жүйелі бірлестігі ретінде қызмет көрсетуді: соңғы инновациялық өнім рыногының жағдаятын, инновациялық жобаның техникалық-экономикалық негіздерін және оны дайындауды зерттеуден бастап кадрлық қамтамасыз ететін «дайын» жабдықтарды жиынтықты жеткізуге, оны жүйелі енгізуге дейін қарастыруы тиіс.

Нарық қажеттіліктерін зерттеу және оның мониторингі, шығарылып жатқан инновациялық өнімдерді үнемі және жылдам жаңартып отыру қажеттігі инновациялық экономикаға икемді автоматтандыруды енгізуге аса қатты мән беруді талап етеді. Ақпараттық технологиялар мен компьютерлендірілген жүйелерді кеңінен қолдана отырып кешенді икемді автоматтандыру инновациялық экономиканың өзегі болып табылады. Сондықтан өңір экономикасының барлық құрылымдық қайта құруларының негіздерінде, оның өңірлік инновациялық инфрақұрылымының негізінде автоматтандырылған жоғары технологиялар мен компьютерлендірілген жүйелердің «жобалау–өндіру–бақылау–жүзеге асыру» толассыз «қағассыз» циклі бар болуы тиіс. Осыдан барып, толассыз «қағассыз» циклді автоматтандырылған режимде жүзеге асыратын және бір жүйеге инновацияға бағытталған ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды, соңында инновациялық өнімдерді жасауға бағытталған өндірісті жоспарлау мен технологиялық дайындау үдерістерін біріктіретін автоматтандырылған біріккен жобалық-өндірістік жүйелерді дайындаумен және игерумен байланысты ғылыми-әдістемелік және ұйымдастырушылық-технологиялық мәселелерді шешу инновациялық экономиканың қалыптасу және дамуының маңызды өңірлік проблемасы болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Сонымен қатар, мұндай жүйелерде ғылымды қажетсінетін жаңа жүйелерді жасауға: инновацияларды жобалау; ғылымды қажетсінетін жаңа жүйелердің басты үлгілерін дайындау және жинақтау; іске қосатын-реттеуші жұмыстар және ғылымды қажетсінетін жаңа жүйелерді сынауға тән негізгі үш кезеңнің толассыз байланысы автоматтандырылуы тиіс.

Өңірлерде инновациялық қызметті ақпараттық қамтамасыз етудің тиімді механизмін жасау инновациялық экономика жағдайында өзінің өзекті шешілуін талап ететін маңызды проблема болып табылады. Бұл механизмнің нәтижелілігі өңірлердің үздіксіз әлеуметтік-экономикалық мониторингінің сапасына айтарлықтай тәуелді. Мұндай мониторинг, біздің көзқарасымыз бойынша, инновациялық қызметті жақсарту және дамытуға бағытталған басқарушылық шешімдер мен ұсыныстарды дайындау мақсатында өңірдегі экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, ғылыми және инновациялық жағдайларды бақылау, бағалау, талдау және болжауды қамтуы тиіс. Мониторинг инновациялық үдерістер, сондай-ақ өңірдегі экономиканың құрылымдық қайта құруларының

жалпы үдерістері сияқты өңірлерді осы үдерістерді тиімді басқаруға бағыттайды. Сондықтан өңірдегі құрылымдық қайта құрулардың автоматтандырылған мониторингінің функциясы инновациялық экономиканы ақпараттық қамтамасыз ету саласындағы негізгі функциялардың бірі болуы тиіс. Осыған байланысты мәліметтер мен білімдердің инновациялық банктерін пайдалану мен жаңартуды үнемі қолдап отыру үшін өңірлерде инновациялық-ақпараттық қамтамасыз етудің автоматтандырылған орталықтарын (ИААО) құру мақсатқа лайық болып отыр. Келесі ережеге байланысты мынаны айту керек: инновациялық қызметтің субъектілеріне, бірінші кезекте, сәйкесінше реттелген техникалық-экономикалық, конъюнктуралық-коммерциялық, статистикалық ақпаратты, өнеркәсіптік өнімдердің, технологиялардың, машиналар мен құрал-жабдықтардың, материалдардың, қызмет түрлерінің және т.б. сипаттары туралы мәліметтерді қамтитын ақпарат қажет. Бұл жерде инновациялық экономиканы ақпараттық қамтамасыз етудің құрамдас бөлігі ретіндегі өңірлік кәсіпорындардағы инновациялық қызмет пен инновациялардың маркетингіне маңызды рөл беріледі. Инновациялық маркетинг кәсіпорынның инновациялық өнімдерін жүзеге асыру үдерісімен, дәлірек айтсақ: тұтынушы мен оның рыноктағы мінез-құлқының себептерін зерттеумен; инновациялық өнімдерді және оны сату арналарын зерттеумен; бәсекелестерді зерттеумен және олардың инновациялық өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін анықтаумен; ИИАО-ның жетекші құрылымдарының бірі болуы тиіс кәсіпорынға өзінің артықшылықтарын жүзеге асыруға ыңғайлы мүмкіндіктер беретін рыноктың «тауашасын» зерттеумен байланысты барлық мәселелерді зерттеу жөніндегі шаралар кешені болып табылады.

Өңір деңгейінде инновациялық экономиканы кешенді ақпараттық қамтамасыз етуге бағытталған жаңа ақпараттық құрылым – автоматтандырылған біріккен ақпараттық жүйе сияқты салалар мен кәсіпорындар құру мемлекеттің инновациялық экономикасының маңызды мәселелерінің табысты шешілуіне: кәсіпорындардың, салалардың, өңірлердің және тұтас елдің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен, біздің еліміздегі инновациялық экономиканың қалыптасуы және дамуы туралы көзқарасымызды қорытындылай отырып, келесі үш сұраққа қысқаша жауап беруге тырысамыз:

1. Қазақстанда таяу кезеңде инновациялық экономиканы қалыптастыру мен дамытудың стратегиялық мақсаты қандай?
2. Қойылған стратегиялық мақсатқа қол жеткізуді қандай ресурспен қамтамасыз ету керек?
3. Стратегиялық мақсатқа қол жеткізуді межеленген ресурспен қалай қамтамасыз ету қажет?

Отандық өндірістер мен аумақтарды олардың әлемдегі бәсекеге қабілеттілік деңгейіне дейін кешенді дамыту таяу жылдардағы біздің еліміздегі инновациялық экономиканы қалыптастыру мен инновациялық қызметті дамытудың стратегиялық мақсаты болуы тиіс.

Жоғары мектеп қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін негізгі ресурс болуы тиіс. Дамудың негізгі құрамдасы – кадрлық құрамдасты қамтамасыз ететін жоғары білім беру жүйесі тез арада инновациялық құрамдаспен толықтырылуы қажет. Жоғары білім беру жүйесі ел аумағы мен кәсіпорындарын қайта қалпына келтіру және дамыту жөніндегі жүйелі үйлестіруші қызметтерін атқара алады және атқаруы тиіс.

Стратегиялық мақсаттарға тиімді қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Жоғары мектебінің инфрақұрылымдары ЖОО оқу-ғылыми-инновациялық кешендер құратындай етіп, инновациялық-инвестициялық құрылымдармен (орталықтармен, кешендермен, компаниялармен, институттармен) толықтырылуы керек. Дәл осы жоғары білім беру жүйесі оның негізінде барлық өңірлер мен салаларда ғылым мен өндірісті жалғастырып тұратын көпірдің рөлін атқаруы тиіс қазақстандық инновациялық-инвестициялық желілерді қалыптастыру үшін келешегі мол болып табылады. Бұл отандық жоғары мектептің келесі ерекшеліктерімен түсіндіріледі: жоғары мектептің барлық өңірлерге таралуымен; жоғары мектептің жоғары ғылыми-техникалық әлеуетімен; жоғары білім беру жүйесінің әмбебаптығымен, оның салааралық сипатымен: Қазақстан ЖОО-сының ғылыми мектептері ел экономикасының барлық салаларын басып озады; жоғары мектептің өз түлектері арқылы барлық өңірлік және салалық құрылымдармен өзара әрекет етуімен; жоғары мектептің ақпараттық қамтамасыз ету жүйесінің бір жүйеге біріктірілген ғаламдық және жергілікті есептеу ақпараттық желілерін қосқанда, салыстырмалы түрде жоғары деңгейімен; жоғары мектептің жоғары мектепке жұртшылықтың жоғары қолдау көрсетуімен; жоғары мектеп жүйесінің икемділігімен.

Ұсынылып отырған әдістің негізгі артықшылығы мынада: жоғары білімнің жүйесін осылай дамыту арқылы Қазақстанның жоғары оқу орындық, академиялық және салалық ғылымдарының нәтижелерін, сондай-ақ әлемдік қауымдастық ғылымдарының алдыңғы қатарлы нәтижелерін инновациялық жобаларды жасауда, жүзеге асыруда және инновациялық қызметтерді дамытуда тиімді біріктіруге болады, ал бұл елде тиімді инновациялық экономиканы қалыптастырудың алғышарты болып табылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Сапарбаев А.Д. Инновациялық экономика. –Алматы: ТОО «Фортуна Полиграф». 2019. –413 б.
2. Сапарбаев А.Д. Устойчивое инновационное развитие экономики: модели и инструменты анализа. –Алматы: ТОО «Фортуна Полиграф». 2019. –487 с.
3. Сапарбаев А.Д. Системный анализ социально-экономического развития Казахстана (2-е издание). –Алматы: ТОО «Фортуна Полиграф». 2019. – 401 с.



А. Д. Челекбай, д.э.н., профессор,  
Академия «Кайнар»,  
г. Алматы, Казахстан.

## **ИНФЛЯЦИОННОЕ ТАРГЕТИРОВАНИЕ И ТРАНСМИССИОННЫЙ МЕХАНИЗМ ДЕНЕЖНО-КРЕДИТНОЙ ПОЛИТИКИ ЦЕНТРАЛЬНОГО (НАЦИОНАЛЬНОГО БАНКА)**

**Аннотация.** В статье обосновываются, что в условиях неопределенности экономической ситуации, в результате частных воздействий внешних факторов, происходит девальвация национальной валюты. Из-за обесценения национальной валюты растут внешние долги, развиваются инфляционные процессы. Опыт показывает, что таргетирование инфляции и передача импульсов изменения денежно-кредитной политики позволяет достичь целевых показателей и ограничить инфляционные ожидания. Достижение заданного ориентира инфляции и стабильности цен является первостепенной целью режима инфляционного таргетирования.

**Аңдатпа.** Экономиканың қазырғы құбылмалы тұрақсыз жағдайында, сыртқы факторлардың әсерін қоса алғанда ұлттық валютаның құнсыздану деңгейі өсу үстінде. Валютаның құлдырауы сыртқы қарыз сомасын өсіреді, әлеуметтік жағдайға кері әсерін береді. Тәжірибеде валютаның құнсыздану үдерісін таргеттендіру, импульс ырғағын ақша-несе саясатында ескеру жолдары бар. Бұл шаралар валютаың құнсыздану барысын реттеу мақсатына жеткізеді, құнсыздануды күту пайымын бәсеңдетеді. Құнсыздану үдерісін таргеттендіру мақсаты инфляция деңгейін жобаға шама келтіріп реттеу, бағаның тұрақтылығын қамтамасыз ету.

**Abstract.** The article provides a rationale for the fact that in conditions of uncertainty in the economic situation, as a result of private influences of external factors, the devaluation of the national currency occurs. Due to the depreciation of the national currency, external debts are growing, and inflationary processes are developing. Experience shows that targeting inflation and transmitting impulses to change monetary policy can help achieve targets and limit inflationary expectations. Achieving a given target of inflation and price stability is the primary goal of an inflation-targeting regime.

**Ключевые слова.** Инфляционное таргетирование, трансмиссионный механизм, девальвация, денежно-кредитная политика (ДКП), валютный курс, процентная ставка, денежная масса, денежное предложение, целевой ориентир, инструменты, индекс потребительских цен.

**Түйін сөздер.** Құнсыздану үдерісін таргеттендіру, трансмиссиялық механизм, құнсыздану, ақша-несе саясаты (АНС), валюта бағамы, пайыз мөлшері, құнсыздану үдерісін таргеттендіру құралы, тұтыну индексі.

**Keywords.** Inflation targeting, transmission mechanism, devaluation, monetary policy (MP), exchange rate, interest rate, money supply, monetary condition, target, instruments, consumer price index.

При возникновении валютно-финансовых кризисов для развивающихся стран выходом из ситуации являлась девальвация национальных валют, в результате которой денежные единицы обесценивались и теряли свою покупательскую способность. Развитым странам девальвация валюты оказывает на экономику незначительное воздействие, так как у них долги номинированы в своих национальных валютах, тогда как в развивающихся странах долги выражены в местной валюте. Краткосрочные обязательства, представленные в иностранной валюте, подвергаются существенному подорожанию из-за обесценения национальной валюты.

Страны, экспортирующие сырьевые ресурсы, крайне чувствительны к колебаниям цен на мировых рынках и соответственно они зависимы от внешних факторов, которых не могут контролировать проведением ДКП. Значительный импорт продовольственных товаров в условиях постоянных девальвационных рисков провоцируют удорожание цен.

В Казахстане рост цен на товары и услуги всегда был большой проблемой. Из-за высокой инфляции обесценивались сбережения, происходило бегство капитала за рубеж, снижалась инвестиционная привлекательность экономики. Это в свою очередь замедляло экономический рост, усиливало неопределенность. Поэтому не только в России и Казахстане, но и во всем мире главной целью денежно-кредитной политики становится поддержание стабильно низких цен в экономике. К решению этого вопроса в разных странах подходили по-разному.

В конце концов, как в России и Казахстане, так и ряд других стран вынуждены взять курс на переход к более гибкому режиму ДКП - к таргетированию инфляции. До конца XIX столетия приоритетной задачей центральных банков являлась достижение стабильности валютного курса привязанной к цене золота.

Валютный курс был важным ценовым показателем, так как он имел большое значение для проведения эффективной денежной кредитной политики. Однако шведский экономист Кнут Вексель высказал мнение, что главной целью политики центрального банка должно быть достижение стабильных цен. Он считал, что центральный банк должен контролировать в первую очередь инфляцию. Контроль осуществляется посредством изменения процентных ставок. При повышении ставок цены растут, при снижении ставок цены падают.

Воздействие на инфляцию реализуется в рамках определенного режима денежно-кредитной политики, который включает конкретные конечные и промежуточные цели. Для достижения цели используются соответствующие инструменты. В дальнейшем целевое воздействие (или таргетирование) распространяется и на такие параметры как денежная масса, валютный курс. Выбранные параметры таргетирования определяют режим денежно-кредитной

политики. Так, при выборе в качестве параметра темпа инфляции влияние на неё происходит путем целевого воздействия (таргетирование). Реализуемая в данном случае политика называется режимом инфляционного таргетирования. В мировой экономике функционирует четыре режима денежно-кредитной политики (таблица 1).

Таблица 1. - Режимы денежно-кредитной политики в международной экономике\*

| № п/п | Режим денежно-кредитной политики | Используется для                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | Инструменты воздействия                                                                                                                  | Преимущества                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | Недостатки                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|-------|----------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|       | 2                                | 3                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | 4                                                                                                                                        | 5                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | 6                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
| 1     | Таргетирование валютного курса.  | <ul style="list-style-type: none"> <li>- фиксирования обменного курса национальной валюты по отношению к иностранной валюте страны с низким или устойчивым уровнем инфляции;</li> <li>- обеспечения конкурентоспособности экспортной продукции на внешнем рынке;</li> <li>- стимулирования замещения дорогой импортной продукции более дешевой отечественной.</li> </ul> | Интервенции на валютном рынке путем скупки или продажи иностранной валюты, влияние на обменный курс в течение короткого периода времени. | <ul style="list-style-type: none"> <li>- устранение излишней волатильности обменного курса;</li> <li>- простота и прозрачность целей ДКП;</li> <li>- простота и легко контролируемая управляемость режимом;</li> <li>- позволяет автоматически корректировать платежный баланс в ситуации внешнеэкономических шоков.</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>- зависимость ДКП от страны якоря;</li> <li>- тесная взаимосвязь денежной массы и инфляции со страной якорем;</li> <li>- повышенная чувствительность к внешним финансовым рискам;</li> <li>- ограниченность возможности стимулирования экономики в период рецессии.</li> </ul> |
| 2.    | Таргетирование денежной массы.   | <ul style="list-style-type: none"> <li>- таргетирования денежной массы путем объявления темпов роста денежных агрегатов (денежной массы, M1 M2 или M3);</li> <li>- оказания влияния на инфляцию, безработицу, экономический рост;</li> </ul>                                                                                                                             | Денежная база, денежные агрегаты M1, M2, процентные ставки, валютный курс.                                                               | <ul style="list-style-type: none"> <li>- независимость проводимой ДКП;</li> <li>- действия центрального банка предсказуемы;</li> <li>- высокий уровень управляемости денежными агрегатами;</li> <li>- снижает экономическую неопределённость;</li> <li>- дает сигнал рынку об</li> </ul>                                        | <ul style="list-style-type: none"> <li>- эффективен только в странах, где в качестве ориентира избран денежный агрегат и целевой уровень инфляции;</li> <li>- обладает низкой эффективностью из-за существования связи между денежными предложением и инфляцией только в долгосрочной перспективе.</li> </ul>         |

|   |                                |                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                             |
|---|--------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|   |                                | - управления денежным предложением.                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                        | изменении денежного предложения;<br>- уменьшает информационные издержки.                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                             |
| 3 | Таргетирование инфляции.       | - снижения инфляционного ожидания;<br>- публичного объявления целевых значений инфляции на определенную перспективу;<br>- приведения действующей инфляции к её целевым значениям;<br>- стабилизации цен в долгосрочной перспективе. | - валютный курс;<br>- цены;<br>- денежные агрегаты;<br>- договоры о ценах и заработной плате;<br>- индекс потребительских цен;<br>- базовая инфляция;<br>- ключевая процентная ставка. | - укрепление доверия к ДКП;<br>- гибкость реагирования на шоки предложения;<br>- обеспечение прозрачных ориентиров на рынке;<br>- повышение уровня доверия к денежным властям;<br>- ответственность властей за проводимую политику;<br>- отсутствие взаимосвязи между инфляцией и денежной массой;<br>-инфляционная открытость. | - узкий круг целей для достижения;<br>- длительный период времени между действиями центрального банка и поступлением результатов.                                                           |
|   | Без явного номинального якоря. | - таргетирование без явного якоря используется при случае, когда власти не принимают на себя конкретных обязательств.                                                                                                               | В денежно-кредитной политике частично применяются инструменты остальных режимов.                                                                                                       | - использование центральным банком денежно-кредитной политики для решения внутренних экономических проблем;<br>- свободный подход к вопросам регулирования ДКП;<br>- возможность установления корреляции между инфляцией и денежной массой.                                                                                     | - отсутствие прозрачности в действиях властей;<br>- зависимость проводимой политики от взглядов руководителей властных структур;<br>- низкая степень подотчетности властей, проводящих ДКП. |

*\*составлено автором.*

Режим таргетирования валютного курса распространен в 72 странах, режим таргетирования денежной массы используют 29 стран, в 31 стране применяют

режим таргетирования инфляции. В 25 странах режим таргетирования осуществляется без явного номинального якоря\*.

Как показывают исследования, на режим таргетирования валютного курса переходят страны, экспортирующие в значительных количествах нефть, металлы и другие ресурсы. Для стабилизации макроэкономической ситуации в стране за целевой ориентир они принимают валютный курс, так как благополучие экономики этих стран во многом зависит от валютных поступлений. Колебание цен на мировом рынке на сырьевые ресурсы непосредственно влияют на курсы национальных валют.

Режим изменяемого валютного курса и таргетирования его выступают как способ поддержания цен на товары внутри страны. Последнее содействует установлению контроля над темпами инфляции и обеспечивает проведение денежно-кредитной политики в нужном направлении. При обесценивании национальной валюты денежно-кредитная политика становится жесткой. Денежно-кредитная политика ослабляется, когда возникают ситуации к повышению курса.

При таргетировании валютного курса, на мой взгляд, центральный банк имеет ограничения свободы в осуществлении денежно-кредитной политики. Так, он не может проводить чрезмерную экспансионистскую политику для достижения успехов в повышении уровня занятости. По первому требованию центральный банк должен обменивать национальную валюту на иностранную по установленному фиксированному курсу. Но для этого ему нужно иметь золотовалютные резервы в объемах, обеспечивающих 100% покрытие национальной валюты. Таргетирование валютного курса при международной мобильности капитала приводит к зависимости внутренних процентных ставок от изменений процентных ставок на мировых рынках. Таргетирование денежной массы предполагает достижение центральным банком целевых темпов роста денежных агрегатов, таких как денежная база, M1, M2 или M3. При этом центральный банк должен выполнить три основных условий:- управлять денежными агрегатами и этим влиять на уровень инфляции, безработицу и экономический рост;

- официально объявить на какие агрегаты денежного предложения будет ориентироваться, этим он принимает на себя обязательства по их достижению;

- чтобы управлять денежным предложением он должен располагать достаточным набором денежно-кредитных инструментов.

Проводимую до мирового финансово-экономического кризиса 2007-2009 годов денежно-кредитную политику США можно охарактеризовать, на мой взгляд, как таргетирование денежной массы. Федеральная Резервная система (ФРС) постоянно отслеживала и корректировала процентную ставку по федеральным фондам в ответ на отклонение внутреннего производства, занятости и инфляции от прогнозного уровня. Взяв в качестве ориентира денежное предложение по обеспечению занятости и роста ВВП в условиях кризиса, для стимулирования экономического подъема осуществляется нетрадиционная



монетарная политика – программа количественного смягчения. ФРС расширяет денежное предложение, вливая в финансовую систему масштабные объёмы ликвидности за счёт необеспеченных денег. При увеличении ликвидности в условиях низкой процентной ставки и низком уровне инфляции финансовая система начинает стимулировать активный рост в экономике за счёт краткосрочного кредитования производства.

Как показывает исследования, при инфляционном таргетировании стабильность цен является долгосрочной целью, а относительная стабильность валютного курса становится второстепенной целью. Если центральный банк будет придерживаться поставленных целевых ориентиров и добиваться их достижения, то режим таргетирования инфляции приведет к снижению инфляционных ожиданий.

Две характерные черты отличают инфляционное таргетирование от других режимов. Первое, что центральный банк получает мандат на достижение количественно заданного ориентира инфляции и поэтому стабильность цен является первоочередной целью режима таргетирования. Второе, что центральный банк в качестве промежуточной цели денежно-кредитной политики берет прогноз инфляции на некоторый период времени, и денежно-кредитная политика оказывает влияние на ожидаемую будущую инфляцию.

В коротком периоде инфляция предопределяется договором о ценах и заработной плате. Информация о состоянии экономики позволяет центральному банку воздействовать на показатели ожидаемой инфляции и довести её в конце концов до целевого уровня.

В качестве целевого показателя инфляции принимается индекс потребительских цен или производная от него – базовая инфляция. Последняя является частью инфляции, находящуюся под контролем центрального банка и зависящая от реализуемой денежно-кредитной политики. При отклонении прогнозируемого уровня инфляции от целевого значения, в ответ на отклонение воздействуют изменением уровня ключевой процентной ставки. Центральный банк, изменяя ключевую процентную ставку, оказывает влияние не только на уровень краткосрочных процентных ставок денежного рынка, но и на объёмы ликвидности в банковском секторе и инфляционные ожидания субъектов.

Структурными элементами режима таргетирования инфляции являются институционально-правовые основы и операционные элементы. К институционально-правовым основам можно отнести: мандат центрального банка, информационная прозрачность и подотчетность деятельности. К операционным элементам данного режима относят: долгосрочный уровень инфляции, целевой ориентир, горизонт таргетирования. Под горизонтом таргетирования понимают временной интервал, в течение которого центральный банк достигает целевого ориентира инфляции 1,5-3 года - это долгосрочный интервал и короткий - 1 год.

На мой взгляд, режим таргетирования инфляции по сравнению с другими режимами имеет определенные преимущества, которые представляются в

следующем. Инфляционное таргетирование позволяет ограничить инфляционные ожидания и укрепляет доверие к денежно-кредитной политике, так как режим ориентирован на достижение низкой инфляции. Целевой показатель инфляции при инфляционном таргетировании является среднесрочной целью. Краткосрочное отклонение от целевого показателя рассматривается как гибкость денежно-кредитной политики. В странах, где центральным банком проводится неэффективная денежно-кредитная политика, инфляционное таргетирование не может обеспечить положительных результатов, так как отрицательные последствия внутренних и внешних факторов не позволяет осуществлять успешную деятельность центральному банку. Плавающий курс (свободное курсообразование) обуславливает высокую волатильность валютного курса, если не будет введено ограничение на отток капитала из страны (международная мобильность капитала).

После объявления центральным банком целевого ориентира по инфляции на определённую перспективу стоит задача как передать импульсы денежно-кредитной политики по приведению действующей инфляции к её целевым значениям. Стабильность индекса потребительских цен и ориентиры по инфляции являются основными долгосрочными целями, а достижение данных целей производится посредством трансмиссионного механизма. Каналы трансмиссионного механизма денежно-кредитной политики служат своеобразными цепочками переменных, по которым осуществляется передача импульса изменений мер денежно-кредитной политики. Центральный банк России определяет трансмиссию как механизм передачи решений денежно-кредитной политики в реальный сектор экономики.

По моему мнению, наиболее правильным будет рассмотрение трансмиссионного механизма как механизма, посредством которого использование инструментов центрального банка воздействует на экономику в целом и инфляцию в частности.

В финансовых системах развивающихся стран применяется несколько каналов трансмиссии денежно-кредитной политики (таблица 2).

Таблица 2. - Передачи изменения денежно-кредитной политики на целевые показатели инфляции\*

| № п/п | Каналы трансмиссионного механизма | Инструменты передачи импульсов изменении денежно-кредитной политики                | Следствие воздействия                                                                                                            |
|-------|-----------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1.    | Канал денежной массы.             | Денежный спрос, рыночные процентные ставки, кредитные ставки, ставки по депозитам. | Изменение процентных ставок денежного рынка, межбанковских процентных ставок, кредитные ставки для заемщиков, депозитные ставки. |

|    |                                 |                                                      |                                                                                                                                                                                               |
|----|---------------------------------|------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 2. | Канал внутренних цен на активы. | Облигации фондового рынка, цены на недвижимость.     | Увеличение цен уменьшает прирост инвестиций, совокупную стоимость долгосрочных активов, сокращение вложения домашних хозяйств, падение потребления.                                           |
| 3. | Канал процентной ставки.        | Процентные ставки.                                   | Уменьшение номинальной ставки процента приводит к снижению реальной процентной ставки и издержек привлечения финансовых ресурсов. Удешевление ресурсов ведет к увеличению объемов инвестиций. |
| 4. | Широкий кредитный канал.        | Финансовые активы.                                   | Финансовые активы обеспечивают кредиты. Кредитный рынок эффективен. Увеличение цен на финансовые активы приводит к падению процентной премии заемщикам.                                       |
| 5. | Узкий канал кредитования.       | Банковское кредитование.                             | Увеличение объемов резервов коммерческих банков стимулирует предложение кредитов. Увеличиваются объемы заимствований и совокупных расходов.                                                   |
| 6. | Канал обменного курса.          | Цены на нефть, цены на экспортные и импортные товары | Рост внутренней процентной ставки по отношению к мировым ставкам укрепляет национальную валюту, что сокращает экспорт и понижает совокупный спрос.                                            |

*\* составлено автором*

Как видно из таблицы 2, каналы трансмиссионного механизма используются для регулирования и поддержания заданного уровня инфляции. Количественный и качественный состав каналов трансмиссионного механизма зависит от сформулированной основной цели денежно-кредитного регулирования и стратегии проведения денежно-кредитной политики.

В канале денежной массы изменения в денежно-кредитном регулировании влияют на денежный спрос, что ведет к изменениям процентных ставок денежного рынка. Изменения в межбанковских процентных ставках, в свою очередь приводит к изменениям в кредитных ставках для заемщиков, а также в ставках по депозитам. В канале внутренних цен на активы воздействие денежно-кредитной политики на внутренние цены обеспечивается через связь между процентными ставками потребительского рынка и ценами на активы. В канале обменного курса цель трансмиссии заключается в передаче импульса воздействия от процентных ставок к обменному курсу. Обменный курс оказывает влияние на конкурентоспособность экономики и реальную заработную плату.

В развивающихся странах и странах с переходной экономикой каналы воздействия трансмиссионного механизма имеют свои особенности. Во-первых, трансмиссия происходит от инструментов, которые находятся под прямым контролем центрального банка, таких как краткосрочные процентные ставки и

резервные требования, во-вторых, так и от инструментов, определяющих условия в нефтяном секторе, это – процентные ставки по ссудам, депозитные ставки, обменный курс, цены на активы. Таким образом, в каналах трансмиссионного механизма переплетаются прямые, косвенные и обратные связи, а также действия других различных факторов: денежной массы, разнообразных процентных ставок, объема кредитов и уровня банковской ликвидности. Кроме того, в реальной жизни ситуации в экономике меняются под воздействием огромного количества факторов шокового характера. Так, на уровень инфляции могут влиять цены на нефть, и на другие сырьевые товары, а изменения в фискальной политике могут влиять на совокупный спрос и т.д.

Колебания мировых цен на нефть и другие сырьевые ресурсы постоянно вызывают обесценение национальной валюты и развитие инфляционных процессов в экономике Казахстана. Так, в результате азиатского финансового кризиса в 1997-1998гг. и последовавшего за ним резкого падения цен на нефть спад ВВП составил 1,2%, курс национальной валюты упал до 138 тенге за доллар, инфляция достигла 18%. В период введения тенге курс ее по отношению к доллару США составлял 4,7 тенге, в 2020г. курс достиг 430 тенге за доллар, обесценивались в 98 раз. Мировой валютно-финансовый кризис 2007-2008 гг. ухудшил макроэкономическую ситуацию в стране вследствие закрытия источников внешнего заимствования. Национальная валюта обесценилась на 25% по отношению к доллару США, значительно возросла инфляция. В целях создания условия для гибкого ценообразования был установлен коридор обменного курса 150 тенге за доллар США с коридором колебаний  $\pm 3\%$ . Национальный банк 150 тенге за доллар принял за целевой ориентир режима валютного таргетирования.

В 2014г. резкое снижение цен на нефть, замедление роста ВВП Китая и России, которые являются основными потребителями казахстанского сырья, повлекли сокращение экспорта и увеличение импорта потребительских товаров. Усилился кратковременное ускорение инфляционных процессов вследствие удорожания импорта. Национальный банк провел девальвацию тенге и курс национальной валюты был установлен на уровне 185 тенге за доллар. Таргетирование валютного курса не позволило национальному банку поддерживать целевую инфляцию на уровне 6-7%.

Систематическая девальвация национальной валюты вследствие постоянного колебания мировых цен на сырьевые ресурсы не дает возможности проводить эффективную валютную политику. В целях стабилизации валютно-финансовой системы национальный банк вводит режим инфляционного таргетирования при свободном курсообразовании. Применение режима инфляционного таргетирования позволило значительно уменьшить хронически высокую инфляцию. Поэтапное снижение целевых ориентиров по инфляции дало возможность стабилизировать ее в 2017г. в пределах 6-8%, в 2018г. – 5-7%. На 2019г. планировалось установление ее колебаний в коридоре 4-6%.

Однако экономика Казахстана столкнулась с рядом одновременных и серьезных негативных ситуаций, которые привели к спаду ВВП. Эпидемия Covid-

19 и глобальная рецессия, вызванная падением цен на нефть, значительно ослабили меры денежно-кредитной политики национального банка по развитию режима инфляционного таргетирования и трансмиссионного механизма. Несмотря на большой объем государственной поддержки, банковский сектор является относительно слабым. Уровень проблемных активов остается высоким. В целях ослабления кредитования частного сектора, особенно физических лиц и малого бизнеса, возможно снижение эффективности денежно-кредитной политики национального банка. Динамика инфляционных процессов продолжает складываться выше целевого коридора 4-6%. При этом основной вклад в развитие ситуации вносит продовольственная корзина.

### **Список использованной литературы:**

1. Криворучко С. В., Свирина Е. М. Структурные элементы режима таргетирования инфляции // Банковское дело. 2015, № 4.
2. Матяс А.А. Инфляционное таргетирование и проблемы перехода на данный режим монетарной политики в Республике Беларусь // Основы экономики, управления и права. 2012, № 4.
3. Свирина Е. М. Макроэкономические особенности перехода к режиму таргетирования инфляции в развитых странах // Экономика. Налоги. Право. 2015, № 1.
4. Стиглиц Дж. Таргетирование инфляции: испытания реальностью // Ведомости, 2008, № 88.
5. Смирнов С. Режимы валютного курса и стабильность экономики // вопросы экономики. 2010, № 1.
6. Сухарев О. С. Денежно-кредитная политика ремонетизации экономики: теоретический аспект / Финансовая политика: проблемы и решения. 2014, № 19 (205).
7. Челекбай А.Д., Альмерекоев Н.А. Долларизация и проблемы развития общего Финансового рынка. ЕАЭС // Международный журнал гуманитарных и естественных наук. Новосибирск, 2019, № 6 -2 (статья).
8. Хейфец Б. А. Глобальные дисбалансы и реформы мировой валютно-финансовой системы // Деньги кредит. 2016 № 6.
9. Кондратов Д. И. Современная мировая валютная система и перспективы её трансформации // вестник Российской академии наук, 2017, - Т. 87,-№ 7 - с 613-621.
10. Закон Республики Казахстан от 14 апреля 1993г. «О валютном регулировании». «Казахстанская правда» от 16. 04. 1993 г.
11. Наумова Т. С., Попова Т. Н. Доллар США - ключевая валюта мировой финансовой системы // Общество: политика, экономика, право, 2017 г.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ШЕТЕЛ ИНВЕСТИЦИЯЛАРЫН ТАРТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

**Аңдатпа.** Қазіргі ғылыми-технологияның дамыған заманынада кез-келген кәсіпорынның басты міндетінің бірі – бухгалтерлік есебін автоматтандыру, яғни ондағы бухгалтерлік есеп программалар жүйесін жасау болып табылады. Қазір осындай программа жүйелерін жасау, кәсіпорынның өз күшімен программаны ойлап табу қажет деген сөз емес, автоматтандыру – бұл мәселелерді тиімді, аз уақытта шешетін, дайын программалық өнімдерді сатып алуды білдіреді.

**Abstracts.** In the modern era of science and technology, one of the main tasks of any enterprise is the automation of accounting, that is, the creation of an accounting software system.

Now the creation of such software systems does not mean that a company has to invent a program on its own, but automation is the purchase of ready-made software products that solve problems efficiently, in a short time.

**Аннотация.** В современную эпоху науки и технологий одной из основных задач любого предприятия является автоматизация бухгалтерского учета, то есть создание системы бухгалтерского программного обеспечения.

Теперь создание таких программных комплексов означает не то, что компания должна изобретать программу самостоятельно, а автоматизация - это покупка готовых программных продуктов, которые решают задачи эффективно, в короткие сроки.

**Түйінді сөздер.** Проводка - бухгалтерлік есептегі шоттар корреспонденциясы. Алғаш құжаттар – келісім-шарт, шот-фактура, касса, сату түбіртегі, шот-фактура, т.б. Шоттар жоспары - бұл ұйымның операцияларын жазу үшін қолданылатын шоттардың тобының жиынтығы.

**Keywords.** Posting - correspondence of accounts in accounting. Primary documents - contract, invoice, cash receipt, sales receipt, invoice, etc. Chart of accounts - a system of accounting, providing for their number, grouping and digital designation depending on the objects and purposes of accounting.

**Ключевые слова.** Проводка - корреспонденция счетов в бухгалтерском учёте. Первичные документы - договор, счет, кассовый, товарный чек, накладная и т.д. План счетов - система бухгалтерских счетов, предусматривающая их количество, группировку и цифровое обозначение в зависимости от объектов и целей учёта.



Әлемдік шаруашылыққа интеграцияланып және ашық экономикаға ауыса бастаған, жас тәуелсіз мемлекет атанған, Қазақстан үшін импорттаушы мен экспорттаушы ретінде капиталдың миграциялануы үдерісіне қатысқан аса маңызды.

Бұл үдеріс өндірістің халықаралық деңгейге көтерілуіне септігін тигізеді. Қазіргі таңда шетелдік инвесторлар үшін анағұрлым тартымды, басқа дамыған елдермен салыстырғанда Қазақстанның аталған үдерістерге қатысу көрсеткіші төмен. Шетелдік салымдарды барынша үлкен көлемде тарту талпынысы стратегиялық және ағымдағы міндеттерді орындау қажеттілігімен байланысты. Инвестициялар жаңа ғылыми-техникалық қор негізінде өндірістік әлеуетті қалыптастырып және әлемдік нарықта елдердің бәсекелік дәрежесін анықтайды.

Экономикалық және әлеуметтік жағдайларын жоғарылатуға тырысатын көптеген елдер үшін тікелей капитал салымдары, портфельдік инвестициялар мен басқа да активтер түріндегі шетелдік капиталдың тартылуы маңызды рөл атқарады.

Қазіргі жағдайларда ҚР экономиканың индустриалдық секторын жаңғырту мен күшейту арқылы дамудың жаңа сатысына өтуде. Республика экономикасының жаңа даму сатысы инвестициялық қорлардың қажетті мөлшерін тартуға негіз болды.

Қазіргі таңдағы экономикалық жағдайдың отандық шаруашылықтағы конъюктуралық үдерістердің жалпы жақсаруымен қатар, нақты секторға инвестициялау мен өндірістік құрылымдағы прогрессивтік ілгерілеушілікті іске асыру үшін қажетті қорлардың жеткіліксіздігімен сипатталуы республиканың қазіргі экономикасы үшін ұзақмерзімдік инвестициялардың маңыздылығын көрсетті.

Осылайша, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» халыққа жолдауында барлық негізгі бағыттар бойынша ұлттық даму артықшылықтарын анықтады. Олардың бірі болып табылатын, әлемдік экономикаға сәтті интеграциялану - маңызды инвестициялық, әсіресе шетелдік салымдарды қарастыратын, инвестициялық саясатты жетілдіру арқылы іске асырылады [1].

Инвестициялық қызметтің серпінді әрі тиімді дамуы экономиканың тұрақты жұмыс істеуі мен өркендеуінің қажетті шарты болып табылады. Инвестициялардың ауқымын, құрылымын және тиімділігін көбіне экономикалық жүйенің әртүрлі деңгейлеріндегі шаруашылық нәтижелері, ұлттық шаруашылықтың жағдайы, даму перспективалары және бәсекеге қабілеттілігі айқындайды.

Инвестицияларды зерттеу үшін, ең алдымен, нарық шаруашылығын жүргізудің аса маңызды құраушысы саналатын инвестициялық қызметті жүзеге асырудың жалпы негіздері мен тетіктерін талдау және қазақстандық экономика жағдайындағы инвестициялық үдерістердің ерекшеліктерін айқындау қажет. Сондай-ақ, негізгі байланыстар мен тәуелділікті анықтау үшін отандық

экономикалық теория мен практикада салыстырмалы түрде жаңа деп есептелетін және әртүрлі әдебиеттерде әркелкі сипатталатын инвестициялық қызметке қатысты түсініктерді алдын ала нақтылау керек.

Бүгінде «инвестиция» түсінігінің санқилы өзгеріске ұшыраған анықтамалары қолданыста екені белгілі. Мұндай әркелкілік, бірінші кезекте, экономиканың даму тарихындағы әртүрлі кезеңдердің ерекшеліктерінен және шаруашылық жүргізудің басым нысандары мен әдістерінің саналуан-дылығынан туындаса керек.

Инвестициялау үдерісінде кездесетін жоғарыдағы мәселелерді талдаудан алдын инвестициялардың экономикалық мазмұны мен олардың нарықтық экономика жағдайындағы ролін қарастыру керек.

Шетелдік экономикалық әдебиеттердегі «инвестициялар» ұғымына берілген анықтамаларды саралай келгенде, әртүрлі экономикалық мектептер мен бағыттардың қай-қайсысында болмасын «инвестицияларға» түсініктеме беру кезінде инвестициялар мен табыс табу арасында тығыз байланыстың бар екені анық аңғарылады.

Жалпы, нарықтық қатынастардың дамуына инвестициялау нысандары түрлерінің көбеюі де өзіндік әсерін тигізетіні белгілі. Мұндай инвестициялау нысандарының құрамына нақты активтердің саналуан түрлерімен қоса қаржы құралдары да кіреді. У.Шарптың пікірінше, «қарапайым экономикаларда инвестициялардың негізгі бөлігі нақтыға жатқызылса, қазіргі заман экономикасында инвестициялардың үлкен бөлігін бағалы қағаздар құрайды» [2].

Инвестициялау мәселелерін жан-жақты қарастыратын арнайы зерттеулерде капитал құнының сақталуын немесе өсуін және (немесе) оң мәнді кірістің қалыптасуын қамтамасыз етуге тиісті капиталды орналастыру тәсілі инвестициялар деп қарастырылады.

Инвестиция – құнын сақтап қалуды немесе ұлғайтуды (я болмаса) табыс табуды көздей отырып, ақшаны орналастыруға болатын кез-келген құралды білдіреді. Мұндай анықтама инвестициялардың салымдар түріндегі сипатын емес, инвестициялар мен капиталдың өсуі (табыс табу) арасындағы байланысты аңғартады.

Инвестициялардың көлемі мен құрылымын сипаттаушы көрсеткіштер жүйесінде негізгі капиталға инвестициялардың орны ерекше. Бұл инвестициялар негізгі қорларды құруға және ұдайы өндіруге бағытталған шығындар жиынтығын құрайды.

ТМД елдерінің экономикасын дамытудағы ең маңызды бағыттардың бірі олардың арасындағы қаржылық және экономикалық байланыстарды нығайту болып табылады.

Кез-келген елді дамытудың жалғыз мүмкін жолы – әртүрлі әлеуметтік-экономикалық жүйелері бар мемлекеттер арасындағы тең құқылы ынтымастық пен тату көршілік қарым-қатынастарды орнықтыруға негізделеді. ТМД аумағындағы жекелеген елдердің экономикасына осы достастық аясындағы өзге елдерден шетелдік инвестицияларды тарту осы елдердің ұлттық экономикасын

одан әрі өркендетуге, қорғаныс қабілеттілігін күшейтуге және халықтың тұрмыс жағдайы мен әл-ауқаттылық деңгейін жақсартуға оң ықпалын тигізеді.

Соңғы жылдары ТМД аумағындағы бір елден екінші бір елдің экономикасына капитал салымдарын салу арқылы инвестициялар көлемін ұлғайту бағытында оң тенденция байқалып келеді.

Бүгінгі таңда халықаралық еңбек бөлінісінің тереңдеуіне және қолда бар ресурстардың шегінде өнім өндірісін дамыту үшін бос салаларға капиталдың құйылуына байланысты ТМД елдерінде шетелдік инвестицияларды қолдануға шынайы қажеттілік туындап отыр.

ТМД елдері бойынша салынған инвестициялардың сипаты мен мазмұнын сараптау үшін арнайы зерттеулерді жүзеге асыру қажет. Мұнда ТМД елдеріндегі инвестицияларға деген қажеттілікті қанағаттандыру үшін ресурстарды тиімді пайдалану жолдарын ескере отырып, жекелеген елдер бойынша инвестициялардың ең оңтайлы деңгейін таңдау керек. Инвестиция салынатын салалар мен бағыттар неғұрлым дұрыс анықталып, инвестициялау жоспарлары неғұрлым дұрыс дәйектелсе, инвестициялық қаражатты пайдалану тиімділігін арттыру мүмкіндігі де соғұрлым жоғары болады.

Осы орайда, «инвестиция» түсінігіне берілген бірнеше анықтамаларға тоқтала кетейік. «Инвестиция (investment) - табыс немесе пайда табу мақсатында ақша қаражаттарын салу; табыс немесе пайда табу үшін сатып алынған меншік болып табылады» [3].

Инвестицияларға анықтама беруде бұдан бөлек басқа да тәсілдер қолданылады.

Мысалы, Қазақстан Республикасында капитал салымдары нысанында жүзеге асырылатын инвестициялық қызмет инвестициялар – пайда табу және (немесе) басқа да оң нәтижеге қол жеткізу мақсатында кәсіпкерлік қызмет объектілеріне және (немесе) өзге де қызмет түрлеріне салынатын ақша қаражаттары, бағалы қағаздар, мүліктер, оның ішінде мүліктік құқықтар және ақшалай құны бар өзге де құқықтар.

Біздің ойымызша, бұл инвестициялық қызмет – пайда (табыс) табу және (немесе) басқа да оң нәтижеге қол жеткізу мақсатында практикалық іс-әрекеттерді жүзеге асыру деп атауға болады.

Сондықтан капитал салымдарына мынадай анықтама беруге болады: капитал салымдары – негізгі капиталға (негізгі құралдарға) салынатын инвестициялар, оның ішінде жаңа құрылысты жүргізуге, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды кеңейтуге, қайта құруға және техникалық қайта жарақтандыруға, машиналарды, құрал-жабдықтарды, инвентарьларды сатып алуға, жобалық-іздістіру жұмыстарына кететін шығындар және өзге де шығындар.

Бүгінге дейін инвестициялардың төмендегідей қасиеттері бойынша әртүрлі жіктемелері жасалған [4-5]:

- 1) қаржы салу объектісі бойынша;
- 2) инвестордың шаруашылық қызметті басқаруға қатысу деңгейі бойынша – тікелей, портфельдік, өзге де инвестициялар;

3) ұлттық тиесілігі бойынша - ішкі (резиденттер жүзеге асыратын); сыртқы немесе шетелдік (резидент емес тұлғалар жүзеге асыратын) инвестициялар;

4) инвестициялардың нысандары (түрлері) бойынша - қаржылық, нақты, материалдық емес;

5) инвестордың меншік нысаны (түрі) бойынша формы - мемлекеттік, жеке инвестициялар;

6) инвестор мен реципиент (қабылдаушы) арасындағы өзара қарым-қатынастардың сипаты бойынша - үлестік инвестициялау (капиталға қатысу), борышқорлық инвестициялау;

7) өндіріс үдерісіндегі қолданылу мақсаты бойынша - негізгі капиталға, айналым капиталына инвестициялар, т.б.;

8) инвестициялау мерзімі бойынша - ұзақ мерзімді (5 жылдан астам), орта мерзімді (1 жылдан 5 жылға дейін), қысқа мерзімді (1 жылдан кем).

Қаржы салу объектісі инвестицияларды жіктеудің едәуір маңызды қасиеті саналады. Мысалы, қаржылық инвестициялар корпоративтік бағалы қағаздарға немесе мемлекеттік бағалы қағаздарға салымдар болып табылады.


Мұндай жағдайда инвесторға меншік немесе борыш титулы ауысады. Қаржылық инвестициялар бастапқы қор нарығында жүзеге асырылатын өнімді инвестициялар және қайталама қор нарығында жүзеге асырылатын фиктивті инвестициялар болып екіге бөлінеді.

Өнімді инвестициялар нақты инвестицияларды қаржыландыру көзі ретінде қызмет атқарса, фиктивті инвестициялар капитал орналастыру үдерісінде жүзеге асырылады [6].

Жоғарыда айтылғандарға негізделе отырып, инвесторлар қандай да бір өңірдегі инвестициялық жобаның жоғары табыстылығына қарамастан, ондағы қолайлы инвестициялық ахуал бар болған жағдайда ғана оған қызығушылық танытады.

Инвестициялық ахуалды жалпы өңірлік өнім көлемі, пайызбен есептелген жылдық қаржылық-экономикалық көрсеткіш-тердің динамикасы, тұтыну көлемі, капитал салымдарының көлемі, тауарлар мен қызметтер экспортының көлемі, тауарлар мен қызметтер импортының көлемі, салалар (ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, қызмет көрсету саласы) бойынша пайызбен есептелген жылдық көрсеткіштердің динамикасы, жалпы сыртқы қарыз, резервтер, қаржы тапшылығы, негізгі сауда әріптестері, т.с.с. сандық көрсеткіштердің жүйесімен бірге бағалау дұрыс деп қабылданған.

Инвестиция салуда тәуекелдердің күтілетін жіктемесі 1-суретте көрсетілген.



Сурет 1 - Инвестиция салуда тәуекелдердің күтілетін жіктемесі

Ескерту - [7] дерек көзімен автор құрастырған

Инвестициялау объектісінің инвестициялық тартымдылық көрсеткіштерінің жүйесі ұдайы дамып отырады. Мысалы, М.М.Соколов өңірлерді инвестициялық тартымдылығы бойынша салыстыру үшін өңірлік инвестициялардың ақталу жылдамдығының аумақтық индексі (Іои немесе Іөи) енгізді [37]. Бұл көрсеткіш белгілі бір өңірдегі инвестициялардың ақталу жылдамдығының басқа өңірдегі (елдегі немесе оның белгілі бір бөлігіндегі) инвестициялардың ақталу жылдамдығына қатынасы ретінде есептеледі.

Инвестицияларды тарту үшін бизнес сценарийлерді жоспарлауға, кәсіпкерлік саланы барлауға, байланыстарды орнатуға, т.б. бағытталған ұйымдастыру шаралары өте маңызды рөл атқарады.

Мысалы, Астана қаласы шетелдік инвестицияларды кепілдендіруге және сақтандыруға, қаланың бюджеттік кірістерінің есебінен немесе қала иелігіндегі мүлікті кепілге қою, кепілхат нысанында кепілдік беру, шетелдік банктерде сақтандыру қорларын құру, титулды сақтандыруды (меншік құқығын сақтандыруды) дамыту арқылы несиелердің қайтарымдылығын қамтамасыз етуге

арналған өзіндік жүйесін қалыптастырады. Мұнда бүгіннің өзінде төмендегі инвестициялық кепілдіктер тетігі құрылып, ұдайы жақсартылып келеді:

- меншік құқығын және олардың құқықтық тазалығын қорғау кепілдігі;
- жылжымайтын мүлікті және оған қатысты мәмілелерді мемлекеттік тіркеу кепілдігі;
- мәміле шарттарын орындау және бастапқы шарттарға өзгеріс енгізілген жағдайда туындайтын шығын мен зиянды өтеу кепілдігі;
- жобалардың әлеуметтік-экономикалық маңыздылығын, серіктестіктер арасындағы байланыс нысандары мен мәмілелерін ескере отырып, ұсынылатын басқа да кепілдік түрлері.

Бүгінде Астанада инвестициялық ресурстарды тарту мақсатында кепіл (ипотека) нысанындағы кепілдіктерді іс жүзінде жүзеге асыруға жағдай жасалған. Сондай-ақ, Астана әкімдігі инвесторларға құрылыс жұмыстарының бастапқы кезеңі мен барысында жер пайдалану және объектілерді орналастыру сызбасын әзірлеуге, қала құрылысы құжаттарын ресімдеуге, аумақты әзірлеуге, коммуникациялық желілер мен көлік жолдарын жүргізуге, шұңқыр қазу және іргетас құю жұмыстарын атқаруға, т.б. қатысты әртүрлі қызметтер көрсетеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – 2012, желтоқсан - 14.
2. Уильям Ф. Шарп, Гордон Дж. Александер, Джеффри В. Бэйли. Инвестиции: учебник. - Изд-во «Инфра-М», 2001. - 1035 с.
3. Фридман Дж., Ордуэй Ник. Анализ и оценка приносящей доход недвижимости / пер. с англ. - М., 1995. – 441 с.
4. Ермаков В.В. Менеджмент организации: учеб. пособие. - М.: Издательство Московского психолого-социального института; Воронеж: Издательство НПО «МОДЭК», 2005. – 248 с.
5. Давнис В.В., Тинякова В.И. Прогнозные модели экспертных предпочтений. - Воронеж: Изд. Воронеж. гос. ун-та, 2005. – 340 с.
6. Узун Й.У. Основные направления эффективного использование иностранных инвестиций в экономике Казахстана // Ғылым, білім және өндіріс - Қазақстан -2050 стратегиясының жетекші факторлары. (№6 Сағынов оқулықтары) Халықаралық ғылыми практикалық конференциясының еңбектері.- Қарағанды: Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, 2014. – Бөлім 3. - Б. 391-393.
7. Крылов Э.И., Журавкова И.В. Анализ эффективности инвестиционной и инновационной деятельности предприятия: учеб. пособие. - М.: Финансы и статистика, 2001. – 175 с.

ӘОЖ 33.334.7

Сапарбаев Ә.Ж. – Қайнар академиясының ғылыми жұмыстары бойынша проректоры,



ҚР ҰҒА Құрметті академигі, э.ғ.д., профессор,  
Алматы, Қазақстан Республикасы

Мақұлова А.Т. – NARXOZ университетінің  
профессоры, э.ғ.д., Алматы, Қазақстан Республикасы

## КӘСІПОРЫННЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ СТРАТЕГИЯСЫ

**Андатпа:** Мақалада кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттыру стратегиясы қарастырылады. Қазіргі кезде көптеген кәсіпорындар үшін кәсіпорынның бәсеке қабілеттілігін арттыру ең негізгі мәселе болғандықтан көпшілік тарапынан осы бір мәселеге көп көңіл аударуда. Ол сату нарықтары, өткізу көлемдері, қосымша табысты табуды көздейтін өндірушілердің экономикалық стратегияларының басты ажырамас құралына айналды. Бәсекеге қабілеттілік ұғымы көпжақты болып, кәсіпорын іс-әрекетінің тауар секілді құрамдас бөліктерін сондай-ақ оның негізгі сипаттамалары болып табылатын сапа және өндіріс технологиясын қамтиды

**Abstract.** The article considers the strategy of increasing the competitiveness of the enterprise. Nowadays, for many companies, the most important issue is to increase the competitiveness of the company. It has become a key tool in the economic strategies of producers, aimed at gaining sales markets, sales, additional income. The concept of competitiveness is multifaceted and includes such components of the enterprise as a commodity, as well as quality and production technology, which are its main characteristics.

**Аннотация:** В статье рассматривается стратегия повышения конкурентоспособности предприятия. Сегодня для многих компаний важнейшим вопросом является повышение конкурентоспособности компании. Он стал ключевым инструментом в экономических стратегиях производителей, направленных на завоевание рынков сбыта, продаж, дополнительного дохода. Понятие конкурентоспособности многогранно и включает в себя такие составляющие предприятия, как товар, а также качество и технологию производства, которые являются его основными характеристиками.

**Түйінді сөздер:** экономика, бәсеке, инновация, стратегия, кәсіпорын, инфрақұрылым, қабілеттілік, ақпарат.

**Keywords:** economy, competition, innovation, strategy, enterprise, infrastructure, capacity, information.

**Ключевые слова:** экономика, конкуренция, инновации, стратегия, предприятие, инфраструктура, мощность, информация.

Егеменді ел болып, тәуелсіздігімізді алып нарықтық экономикаға

көшуімізге байланысты ел экономикасы түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Әсіресе еліміздің экономикалық өміріндегі шаруашылық қатынастар жүйесіндегі терең әрі ауқымды өзгерістер көрініп, еркін бәсеке, бәсеке қабілеттілік, еркін сауда, жеке меншік билігі т.б. осы секілді ұғымдар ене бастады. Ал өз кезегінде ұйымдық-құқықтық формалардың яғни әртүрлі шаруашылық жүргізуші субъектілердің жұмыс жасауы, қызмет көрсетуі, өнім өндіруі – бәсеке және бәсеке қабілеттілік ұйымдарын одан әрі өрбіте түсті.

Жоғары тұрақсыз және сыртқы орта факторларының анықталмағандық жағдайында ұзақ мерзімдік перспективада кәсіпорынның әрі қарай гүлденіп, өркен жаюының кепілдігін қамтамасыз ететін бәсеке қабілеттілік пен бәсеке қабілетті басқару жүйесі, сондай-ақ бәсеке қабілетті стратегия тиімді басқарудың мақсатты құралы ретінде әртүрлі функционалдық бағыттағы және әртүрлі бизнес аясында жұмыс істейтін, тауарлар өндіріп, қызмет көрсететін ұйымдар үшін әсіресе өзекті болып отыр.

Қазіргі кезде көптеген кәсіпорындар үшін кәсіпорынның бәсеке қабілеттілігін арттыру ең негізгі мәселе болғандықтан көпшілік тарапынан осы бір мәселеге көп көңіл аударуда. Ол сату нарықтары, өткізу көлемдері, қосымша табысты табуды көздейтін өндірушілердің экономикалық стратегияларының басты ажырамас құралына айналды. Осыған сәйкес кәсіпорындар әрі шығарылатын өнімдердің бағаларын төмендету арқылы әрі нарықта бар өнімдерден сапалық көрсеткіштері жағынан ерекшеленетін өнімдерін өндіру арқылы бәсекелестерді ығыстыруға және нарықтағы жағдайларын нығайтуға ұмтылуы керек.

Бәсекеге қабілеттілік ұғымы көпжақты болып, кәсіпорын іс-әрекетінің тауар секілді құрамдас бөліктерін сондай-ақ оның негізгі сипаттамалары болып табылатын сапа және өндіріс технологиясын қамтиды. Сонымен қатар ғылыми әдебиеттерде ұлттық экономиканың және аймақтық бәсеке қабілеттілігі ұғымдары қолданылады. Әр ұғымның құрылымы объектінің бәсеке қабілеттілігі оның бәсеке қабілеттілігі элементтерінен және мақсатқа жетуде олардың өзара ұйымдасуынан тұратынын негіздейді.

Кәсіпорының бәсеке қабілеттілігі – қатысты өлшем, өйткені ол сату уақыты мен нарықта бәсекеге түсетін ұйымдардың салыстырмалы нәтижелерінде көрінуі мүмкін.

Осы арада кәсіпорының бәсеке қабілеттілігі – бұл экономикалық, техникалық, ұйымдастырушылық мүмкіндіктердің жиынтығы.

Кәсіпорының бәсеке қабілеттілігі – бұл бәсекелестік күрес жағдайында өзінің алып отырған нарықтық үлесін сақтап қалуға немесе кеңейтуге жеткілікті әлеуеті.

Кәсіпорының (фирманың) бәсеке қабілеттілігі – кәсіпорынның ұлттық, халықаралық нарықтағы жағдайын анықтайтын кешенді экономикалық көрсеткіштерін және әлеуетін қамтиды.

Байқалғанындай бәсеке қабілеттілігінің екі жағы бар. Бұлардың біреуі оның элементі және құраушы бөліктері (тауардың жоғары сапасы, тауардың қосымша

қызметі, барлық қызмет көрсету мерзіміндегі нақты қызметі т.с.с) және нақты жағдайдағы тауар сату міндеттерінің нақты шешімі (жеке қабілеттіліктері бар нақты сатып алушы, оның мүмкіндігі және өзіндік талғам шкаласы бойынша нарықта бәсекелесуші кәсіпорындардың ішінен ұнайтынын шешуі, сатушының жеке қасиеттері). Бәсекелелік күрестегі жеңіс бәсеке қабілеттілік нәтижесін бейнелейді.

Әдетте бәсеке қабілеттілік бейімділік және жаңашылдық секілді екі ажырамас бөліктерден тұрады. Бейімділікті икемдеу қасиеті, кәсіпорының сыртқы ортамен қатынасының формасы және ұйымшылық қайта құрудың үрдісі ретінде түсінеміз. Өз кезегіндегі жаңашылдықты жаңару мүмкіндігі және минималды өзіндік құн, технологиялық, ритмділік критерилері бойынша ұйымшылық процестерді қайта құру ретінде ұғынамыз. Егер де бейімділік кәсіпорынның сыртқы орта өзгерістерінде деген реакциясын көрсетсе, онда жаңашылдық өз іс-әрекетінде шешім қабылдау және жаңа элементтерді игерудің негізінде өзгерген іс-әрекет бағытын сипаттайды.

Бәсеке қабілеттіліктің екі қасиетін қалыптастыруда кәсіпорындар ұйымның жекелей элементтеріне сүйенеді. Жеке тұғырдан алғанда бейімділік қасиеті ұйымның әркелкі өнімдер өндіретін технологиялық құрал-жабдықтары және тұтастай алғанда техникалық базасы болмайынша қалыптаспайды.

Бәсеке қабілеттілік ұғымының екінші қасиеті болып табылатын жаңашылдық жаңалықтың екі түрін игеру мүмкіндігіне сүйенеді. Бір жағынан бұл өндірістің техникалық-технологиялық жаңартылуымен байланысты техникалық жаңалық болып табылады. Мұның құрамына құрал-жабдықтар мен аппаратуралар, өндірістің техникалық құралдары және ғылыми-зерттеу тәжірибелік конструкторлық жұмыстарының техникалық қамтамасыз ету, сондай-ақ, өнімдерді өндіру технологиясы аясындағы жаңалықтарды игерудің әдістері мен тәсілдері кіреді.

Жаңашылдықтың келесі ажырамас бөлігіне - әлеуметтік жаңалықтар жатады. Мұндай жаңалықтың техникалық базасы ретінде игерілген әлеуметтік технологиялардың жиынтығы қарастырылады.

Кәсіпорының бәсеке қабілеттілігінің деңгейіне негізінен мынандай басты факторлар әсер етеді:

- өндірістік технологияны жетілдіру дәрежесі мен ғылыми-техникалық деңгейі;
- жаңа өнер табулар мен жаңашылдықтарды қолдану;
- қазіргі заманға сай автоматтандырылған және роботтандырылған өндіріс құралдарын енгізу.

Сонымен бейімділік пен жаңашылдық ұйымның бәсеке қабілеттілік қасиетін қалыптастыруға қажетті және жеткілікті жағдайларды айқындайды.

Бүгінгі таңдағы маңызды мәселелердің бірі – кәсіпорынның бәсеке қабілеттілігін жоғарылату мәселесін шешетін және сол ұйымның нарықтық орта элементтерімен бәсеке қабілетті басқару жүйесін құру. Осы орайда шаруашылықтың жаңа жағдайларында нарықтық қатынастарға бейімделген

басқару жүйесін құру процесін жеделдеткен жөн. Сонымен қатар бәсеке қабілетті басқару жүйесінің ақпараттық қамтамасыз етілуін және стратегиялық бағыт-бағдарын күшейте түсу керек.

Кәсіпорынның бәсеке қабілетті басқару жүйесі негізінде кәсіпорынның әлеуетті мүмкіндіктерін және сыртқы орта талаптарын ескере отырып, ақпараттық технология негізінде өздерінің міндеттерін арнайы функцияландырылған әдістер мен тәсілдер арқылы орындайтын органдар жиынтығы түсініледі. Бәсеке қабілетті басқару жүйесі – бұл қоршаған орта факторларының ықпалы негізінде өзін-өзі реттеу қабілеті бар күрделі ағза.

Кәсіпорынның бәсеке қабілетті басқару жүйесінің ең негізгі қағидасы – бұл кәсіпорынның қызмет етуі мен дамуының стратегиясы және мақсаттарды тандаудағы негізделген өндірісті басқару жүйесінің бағыт-бағдары негізінде жаңа технология мен жаңа өнім енгізу, кәсіпорынның материалдық-техникалық базасын ескере отырып оның әлеуетті мүмкіндіктерін бағалау және бәсекелестік ортаның жағдайын болжау негізінде қызметтердің перспективалы бағыттарын анықтау түсініледі.

Кәсіпорынның бәсеке қабілеттілігін жоғарылату стратегиясының жүйесін келесідей үлгіде көрсетуге болады:

1. Кәсіпорынның сыртқы ортада жүзеге асыратын, атап айтқанда тауарлық, баға белгілеу, жабдықтаушылармен қарым-қатынас, ақша және бағалы қағаздар нарығындағы іс-әрекет, трансакциялық шығындарды төмендету, сыртқы экономикадағы қызмет стратегиясы.

2. Кәсіпорынның ішкі ортасында жүзеге асырылатын, яғни өндіріс шығындарын төмендету, инвестициялық қызмет, қызметкерлерді ынталандыру, ақпаратпен қамтамасыз ету стратегиялары. Кәсіпорынның тауарлық стратегиясы келесілерді қарастырады:

– кәсіпорынның спецификасына жауап беретін, тауарлар мен қызмет көрсетулердің потенциалды нарығын қалыптастыру және зерттеудің тәсілдері мен ережелері;

– кәсіпорынға неғұрлым тиімді шаруашылық жүргізудің стратегиялық аймақтарын іздеудің әдістерін;

– кәсіпорынның сыртқы тиімділігін қамтамасыз ететін аймақтарды басқару әдістерін. Ал тауарлы стратегияның негізгі міндеттеріне төмендегілер жатады:

– стратегиялық перспективті міндеттерін өзіндік ресурстар және нарықтық потенциалды мүмкіндіктермен үйлесуі;

– тауар (технологиялар) сұранысының өмірлік циклдерін талдау; кәсіпорынның бәсекеқабілеттілігін жоғарлатуды қамтамасыз ететін тауар ассортиментін әзірлеу.

Бәсекеге қабілеттілікке жетудің ең оңай жолы – ұйым өзі бәсекелестерінің әлсіз тұстарын немесе артықшылықтары жоқтығын анықтап, басымдығын нығайту. Яғни, кәсіпорын бәсекелестері сондай табысқа ие болмаса, бәсекеде жауап бере алмаса, біраз шығынға ұшырайды.

Кәсіпорын айтарлықтай жеңіске ие болмаған күнде де қолда бар

Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 30-летию независимости Республики Казахстан и 30-летию академии «Кайнар» «Перспективы развития экономики, технологий и образования

ресурстарға, нақты тәжірибеге сүйене отырып, өз стратегиясын әзірлеуі керек. Қолда бар ресурстар мен біліктілікті қолданбайтын стратегияны құру әрқашан тиімсіз болмақ.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Минцберг Г. Стратегический процесс. Концепции, проблемы, решения. -М.: 2016. -284 с.
2. Мейірбеков А.К., Әлімбетов Қ.Ә. Кәсіпорын экономикасы: Оқу құралы, -Алматы: Экономика, 2013. -312 с.
3. Сапарбаев А.Д. Устойчивое инновационное развитие экономики: модели и инструменты анализа. –Алматы: ТОО «Фортуна Полиграф». 2019. –487 с.
4. Сапарбаев А.Д. Инновациялық экономика. –Алматы: ТОО «Фортуна Полиграф». 2019. –413 б.
5. Сапарбаев А.Д. Системный анализ социально–экономического развития Казахстана (2-е издание). –Алматы: ТОО «Фортуна Полиграф». 2019. – 401 с.

УДК 33.334.7

Елеусов А.А. – доктор PhD,  
Международная академия  
инновационных технологий,  
Алматы, Республика Казахстан

## НЕКОТОРЫЕ ОСОБЕННОСТИ УПРАВЛЕНИЯ ФИНАНСОВЫМИ РЕСУРСАМИ

**Аннотация.** В статье рассматриваются некоторые особенности управления финансовыми ресурсами на предприятии. Одним из важных аспектов финансового менеджмента является анализ финансового состояния предприятия. Необходимо описать финансовую устойчивость предприятия, его рыночные позиции. Информация, необходимая для анализа, включена в отчет о движении денежных средств в отчете о движении денежных средств в отчете о финансовом положении; а также более подробную информацию.

**Андатпа.** Мақалада кәсіпорында қаржылық басқарудың кейбір ерекшеліктері қарастырылады. Қаржылық менеджменттің маңызды аспектілерінің бірі - компанияның қаржылық жағдайын талдау. Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын, оның нарық жағдайын сипаттау қажет. Талдау үшін қажетті ақпарат қаржылық жағдай туралы есепте ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы есепте ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы есепте көрсетіледі; және толық ақпарат.

**Abstract.** The article discusses some of the features of the management of financial resources at the enterprise. One of the important aspects of financial management is the analysis of the financial condition of the company. It is necessary to describe the financial stability of the enterprise, its market position. The information required for analysis is included in the statement of cash flows in the statement of cash flows in the statement of financial position; and more detailed information.

**Ключевые слова:** предприятие, управление, ресурсы, финансы, экономика, менеджмент, планирование, контроль.

**Түйін сөздер:** кәсіпорын, менеджмент, ресурстар, қаржы, экономика, менеджмент, жоспарлау, бақылау.

**Keywords:** enterprise, management, resources, finance, economics, management, planning, control.

Финансовый менеджмент пронизывает все звенья финансовой системы и выступает важнейшей составной частью структуры управления в условиях рынка. Основой финансового менеджмента служит финансовая политика, базирующаяся на анализе факторов эффективного использования финансовых ресурсов в

краткосрочной и долгосрочной перспективе и определяющая направления деятельности финансовых служб.

В ряде исследований финансовые ресурсы понимаются как совокупность фондов денежных средств, находящихся в распоряжении государства и предприятий на тот или иной момент времени: «образуемые и используемые предприятиями, объединениями, организациями и государством денежные фонды». Как уже было отмечено, финансовые ресурсы образуются и используются как в фондовой, так и нефондовой формах. Поэтому, по всей видимости, выше приведенное определение несет в себе отпечаток финансово-кредитного менталитета эпохи господства командно-административных методов управления, когда в силу тотального контроля государства преобладала фондовая форма образования и использования финансовых ресурсов.

Финансовые ресурсы можно определить как совокупность денежных средств, находящиеся в собственности государства, предприятий и организаций, которые на безвозвратной основе направляются на развитие хозяйства и улучшение благосостояния народа.

Финансовые ресурсы - денежные доходы и накопления, находящиеся в распоряжении предприятий, организаций и государства, предназначенные для осуществления затрат по расширенному воспроизводству, выполнения

обязательств перед финансово-кредитной системой, материального стимулирования работников.

Рассмотрим принципы и подходы формирования финансовых ресурсов. Эффективное управление финансами обеспечивается реализацией ряда принципов, основными из которых являются:

